

**8D017 – тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау
(6D011700/8D01701 – қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған Назарбекова Алуа Ахмедияровнаның
«Жалпы білім беретін мектептерде этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесі (8-9 сыныптар
бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
САРАПШЫНЫҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым</p>	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңын; «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын»; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алуымен сипатталады.</p> <p>А.А.Назарбекованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D017 – тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау (6D011700/8D01701 – қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша ұсынылған.</p>

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері қазақ тілін оқытуға, соның ішінде мектептегі қазақ тілінің әдіснамасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосады.</p> <ul style="list-style-type: none"> – этномәдени бірліктерге қатысты ғалымдар еңбектеріндегі анықтамалар негізге алынып, олар тұжырым-түсініктер бойынша сараланып, этномәдени бірліктерді лингвистиканың жаңа бағыттарымен байланыстыра анықтаған; – этномәдени бірліктер жанры мен формасына қарай ажыратылып, тілдік фактілер арқылы дәйектелген; – этномәдени бірліктердің қызметін әлеуметтік лингвистикалық аспектіде зерттеу нәтижесінде, этнографизмдердің қоғамдық әлеуметтік мәнін, социум ортасындағы қызметін зерттей келе, олар үш типке ажыратылып (этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним), әрқайсысына сипаттама берілген; – этномәдени бірліктер ұлттық таным тұрғысынан прагматикалық мақсатта қарастырылып, мысалдар арқылы талданып, жинақталған;
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Докторант А.А.Назарбекова диссертациялық жұмысында өзі жазу принципін ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәліметтер қорын кең талдауда тұжырымдар беруді көздеген. Диссертацияның өн бойындағы түзілген ақпараттар дербес, әрі түсінікті, логикалық құрылымды ұстанған.</p> <p>А.А.Назарбекованың диссертацияны өзі жазу деңгейі бойынша жеке ғылыми стилінің жоғары екендігін байқауға болады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертацияның өзектілігі оқушыға ана тілін, оның нормасын жетік меңгертумен қатар ұлттық дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де, код түрінде көрініс тапқан тілдік бірліктерді де танып, сөздің мағынасын ғана біліп қоймай, сонымен қатар этномәдени ақпаратты, тілдік бірлікте кодталған ғалам бейнесін де түсіндіруге бағыттталып, жалпы білім беретін мектептегі 8-9 сынып оқушыларына «Қазақ тілі» пәнін этномәдени, танымдық бағытта оқытып, халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін терең меңгертуге негізделген. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырыптың</p>

		<p>мәнін толық ашады, тараулар мен тараушалардың логикалық байланысы мен өзара сабақтастығы сақталған. Диссертацияның өзіндік терминологиясы бар, ұғымдық-категориалдық аппараты толық, мақсаты мен міндеттері орындалған. Зерттеу мақсаты мен осы тараушаларға сәйкес міндеттер де дұрыс қойылған. Зерттеудің нәтижелері бірінен бірі туындап, сабақтаса тұжырымдалған.</p>
4.2	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспе және екі бөлімнен, әр бөлім 4 параграфтан тұрады. Әр бөлімнің соңында қорытынды берілген. Сондай-ақ, жұмыстың соңында қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар берілген. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
4.3.	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеуші ғылыми-әдістемелік еңбектердегі тұжырымдарға сүйене отырып, методологиялық тәсілдерді орнымен пайдалану арқылы зерттеу жұмысының алға қойған мақсат-міндеттеріне сай бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізгендіктен диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның ғылыми нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар деңгейінде орындалған.</p>
4.4.	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық жақтан толық байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді.</p>
4.5	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың 	<p>Зерттеу жұмысында алынған нәтижелердің барлығын дерлік жаңа деуге негіз бар.</p> <p>1. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде алғашқылардың бірі болып этномәдени бірліктерді меңгерту арнайы зерттеу нысанына алынып, оны оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалған. Этномәдени бірліктердің қалыптасуы мен әлеуметтік ортада қызмет етуіне қарай әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним деп</p>

		сілтемелеріне негізделген	<p>ажыратылып, олардың атқаратын қызметіне талдау жасалған. Этномәдени бірліктердің танымдық мәні «Дала», «Жеті ата», «Жер» концептілері арқылы ашылған.</p> <p>2. Тілді антропоөзектік парадигмаға негіздей отырып оқытуға баса мән беріліп, этномәдени бірліктерді оқытудың лингводидактикалық ұстанымдары белгіленген.</p> <p>3. 8-9 сыныпта этномәдени бірліктерді жаттығу, мәтін, ойын және ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы оқытудың түрлерін көрсетіп, жаттығуларды аналитикалық, синтетикалық, шығармашылық деп жіктеген. Әр жұмыстың (жаттығу, мәтін, ойын және ақпараттық-коммуникативтік технологиялар) мақсаты, міндеті, нәтижесі, бағалау критерийлері мен дискрипторлары көрсетілген.</p> <p>3. Жалпы білім беретін орта мектептің 8-9 сыныптарында этномәдени бірліктерді оқытудың мазмұндық-құрылымдық жүйесі жасалған.</p> <p>4. Этномәдени бірліктерді теориялық және практикалық тұрғыдан оқытудың біртұтас әдістемесі ұсынылып, оның заман талабына сай оқушының өмірлік дағдыларын қалыптастырудағы маңызы дәйектелген.</p> <p>5. Тілді оқытудың заманауи әдістері мен инновациялық технологияларын қолдана отырып, этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемелік жолдары жүйеленіп, оның тиімділігі эксперимент нәтижелеріне сүйеніп, дәлелденген.</p> <p>6. Жеткіншектерге этномәдени бірліктерді оқытудың моделі жасалған.</p> <p>Диссертацияда этномәдени бірліктерді жалпы білім беретін мектептерде оқытудың ғылыми-тәжірибелік, теориялық-әдіснамалық негізін айқындауда, негізгі түсініктерді нақтылауда, құрылымдық-мазмұндық жүйесін қалыптастыруда, әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып</p>	<p>Диссертацияда көрсетілген этномәдени бірліктерді жалпы білім беретін мектептерде оқыту әдістемесі бұрын соңды зерттелмеген толығымен жаңа;</p> <p>Этномәдени бірліктер жанры (ұлттық діл, халықтық дүниетаным, жалпы адамзаттық</p>

		табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	рухани таным) мен формасына (тілдегі (вербалды) көрінісі, бейвербалды көрінісі, менталды (наным-сенім) көрінісі, символдық көрінісі) қарай ажыратылуы толығымен жаңа ; Этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматонимдерді мектеп оқушысына ұтымды әдіс-тәсілдер арқылы оқыту толығымен жаңа ; Этномәдени бірліктердің тарихи, рухани, материалдық мәдениетті айқындайтын лингвистикалық белгілері оқытудың лингводидактикалық негізіне танылуы толығымен жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация жұмысындағы этномәдени бірліктерді қызметіне қарай (этнодиалектизмдер, этнофразеологизмдер, этнонимдер), типіне қарай (мифологиялық этнолексика, символдық этнолексика, нумеративті этнолексика, метрикалық этнолексика, сакралды этнолексика) деп оқыту тақырыпты оқушының терең меңгеруіне көмектескендігі толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторанттың ұсынған этномәдени бірліктерді жалпы білім беретін мектептерде оқытудың ғылыми-тәжірибелік негізі жаңа және негізделген. Диссертациялық жұмыс барысындағы алынған тұжырымдар және тәжірибелік-эксперменттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	А.А.Назарбекованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған бес қағидатты айтуға болады: 1. Этномәдени бірліктердің ұлттық тіл қорын қалыптастыру қызметі ұлтты сақтап қалудың тетігі болып табылады. Сондықтан ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтар ұлттың этникалық дүние бейнесінде терең сақталса, ұлттық тілдің

		<p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>мәртебесі де арта түседі;</p> <p>2. Этномәдени бірліктерді әлеуметтік лингвистикалық аспектіде қарастыру этномәдени білім беру жүйесін құруға септігін тигізеді;</p> <p>3. Мифологиялық, стереотиптік, зооморфтық, фитонимдік, прецеденттік этномаркерленген атаулар мен материалдық мәдениеттің санада этномаркерлену құбылысын зерттеу этномәдени атаулардың мәдени кодын ашуға ықпал етеді;</p> <p>4. Этномәдени бірліктердің қоғаммен, сыртқы дүниемен байланысын игертуде экстралингвистикалық ұстанымды, этномәдени бірліктердің тілдегі және сөйлеудегі қызметін көрсетуде функционалдық ұстанымға сүйену тақырыпты терең менгертуге көмектеседі;</p> <p>5. Ұлттық құндылықты бойына сіңірген дара тұлға моделі жалпы білім беретін мектепте ұлттық құндылықтар мен мәдениетті, ұлттық тәрбиені оқушының бойына сіңіруге, танымдық ойлауын дамытуға, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Қағидаттар тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және диссертация тақырыбына қатысты он бір мақала жарияланып, дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар</p>	<p>Иә.</p> <p>Иә.</p> <p>Иә.</p>

		<p>эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Этномәдени бірліктерді жалпы білім беретін мектепте оқытудың әдіснамасы мен әдістемесі, тіл біліміне қатысты еңбектер, ҚРҒЖЖБМ-нің ресми құжаттары, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері, оқушылардың этномәдени бірліктерді меңгеруіндегі тиімді жолдар бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді. Ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 140 библиографиялық сипаттамадан және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	Иә.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	Иә.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар:</p> <p>Жалпы білім беретін мектепте этномәдени бірліктерді оқытудың қажеттілігін көрсететін ұсынысы мен қағидалары толығымен жаңа; 8-9 сынып оқушыларына өтілетін «Қазақ тілі» пәнінде этномәдени бірліктерді оқытуды жүзеге асыратын эксперимент толығымен жаңа; «Қазақ тілі» пәнінің мұғалімдеріне қолдану үшін ұсынуға болатын этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемесі толығымен жаңа болып табылады.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу түрі – диссертация. Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді дұрыс қолдана білген. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Диссертацияда зерттеу нәтижесінде жалпы білім беретін мектепте этномәдени бірліктерді оқытудың мәселесі теориялық және әдістемелік жағынан тиянақты жазылғандығын ескере отырып, оның мазмұны мен құрылымындағы ескертпелер ұсыныстарды айтқымыз келеді: - зерттеу жұмысында орфографиялық және пунктуациялық қателер ішінара кездеседі; - этномәдени бірліктерді оқыту бойынша қосымша авторлық бағдарлама ұсынылса, жұмыстың құндылығы артар еді. Алайда бұл ескертпелер диссертацияның мазмұны мен алынған ғылыми нәтижелерге нұқсан келтірмейді, диссертациялық жұмыстың құндылығын төмендетпейді.
-----	---------------------------	--	---

Ресми рецензент:

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
PhD доктор



Мынбаева А.Н.
 ОҚИТУ
 қолын растаймын
 кадр бөлімінің бастығы